

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 861 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 9 тамыз N 1118. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.13. N 1384 қаулысымен. ~P991384

Астана қаласында Ұлттық мұражайдың және Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінің оқу-әкімшілік корпусының құрылысын қаржыландыру үшін мемлекеттік емес сыртқы заемдарды тартудың шарттарын Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ұлттық мұражайдың және Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінің оқу-әкімшілік корпусының құрылысын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 861 P990861\_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "жылдық 9,75 проценттен аспайтын" деген

сөздер "жиынтық ЛИБОР+4,5 проценттен аспайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "Ақмола-Жылжымайтын мүлік" күрделі құрылыс басқармасы" мемлекеттік мекемесінің векселіне" деген сөздер "Ақмола-Жылжымайтын мүлік" күрделі құрылыс басқармасы" мемлекеттік кәсіпорнының ақшалық міндеттемелеріне" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК